

При подготовке будущих педагогов в вузе применяют практико-ориентированный подход: с 1 курса студенты специальности 5В012300 – Социальная педагогика и самопознание участвуют в работе клуба «Мейрым» и «Лидер», являются волонтерами, работают на общественных началах в Доме престарелых, в Доме сирот, с инвалидами, шефствуют над этими учреждениями, проводят различные мероприятия, акции, соприкасаются с объектами своей будущей профессии.

Содержание подготовки будущих педагогов имеет практико-ориентированный подход, осуществляется ориентация на личность ребенка, на его социализацию в обществе, формирование нравственных, лидерских качеств, социально-личностное, интеллектуальное, физическое, художественно-эстетическое, познавательное-речевое развитие ребенка с учетом его этнических истоков. При подготовке специалиста акцент делается на усвоение дисциплин психолого-педагогического цикла, на изучение таких предметов, как педагогика, психология, педагогическая риторика, педагогический менеджмент.

Современные процессы модернизации высшего образования выдвигают на первый план личностно-профессиональную позицию будущего педагога. Личностно-профессиональная позиция педагога – это не врожденное качество, оно формируется в процессе подготовки будущих специалистов в стенах вуза.

УДК 36.3

Б. Т. Берлібаев,
г. Алматы

XX ғасырдың 40-50 жылдары Қазақстандағы тарих мұғалімдерін даярлау мәселелері

Бұл мақалада XX ғасырдың 40-50 жылдарындағы Қазақстан тарихының оқытушыларын даярлаудағы қындықтар анықталды және ұлттық тарихты оқыту мазмұнының айқын таптық тұрғыдан болғаны баяндалады. Дегенмен, осы кезеңдегі тарихи білім мемлекеттің әр түрлі саяси мүдделерін жүзеге асырудың құралы болғандықтан, осы мақалада оның өз кезеңіндегі қырсырлары жан-жақты баяндалған.

Түйінді сөздер: оқытушы, оқыту, мектеп маманы, тарихи білім беру, адам ресурстары, космополиттік, партия, социализм, білім, құқық, идеология, саясат, қуғын-сүргін.

Берлибаев Б. Т.,
г. Алматы

Подготовка учителей истории в Казахстане в 40-50-е годы XX столетия

В данной статье особое внимание уделяется подготовке учителей истории в Казахстане в 40-50-е годы XX столетия. Автором глубоко раскрыты

трудности в подготовке специалистов этой области, т. к. в этот период содержание исторического образования носило ярко выраженный классовый характер, историческое образование являлось сферой, где на историческом материале реализовывались различные политические интересы государства, все это затрудняло подготовку учителей истории.

Ключевые слова: учитель, подготовка, специалист школы, историческое образование, кадры, космополитизм, партия, социализм, педагогика, закон, идеология, политика, репрессия.

В. Т. Berlibayev,
Almaty

Teacher training of the history of Kazakhstan in 40-50 years of the XXth century

This article focuses on the training of teachers of the history of Kazakhstan in 40-50 years of the XXth century.

The author is deeply revealed difficulties in the preparation of specialists in this field, as in this period, the content of history teaching was of a distinct class character, historical education was an area where various political interests of the state were implemented on historical materials, and as a consequence of that, it is difficult to prepare history teachers.

Key words: teacher, training, school specialist, historical education, human resources, cosmopolitan, party, socialism, education, law, ideology, politics, repression.

Тарих тағылымы көрсетіп отырғандай, кеңес дәуіріндегі Қазақстанның тарихшы кадрларының дамуы, басқа да одақтас республикалар сияқты, өктемдік әдісті пайдаланған партия мен мемлекет рөлінің басымдығымен ерекшеленеді. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесінің дүлей күшіне сүйенген коммунистік партия, халыққа білім беру ісі мен мәдени-ағарту, әдебиет және өнер ісін жеткізетін педагогикалық кадрларды өзінің қатаң бақылауына алып, бұқара арасындағы идеялық-саяси тәрбиелік және тарихи-білімдік жұмыстарды маркстік-лениндік идеология рухында жүргізді. Бұл үрдіс, соғыстан кейінгі жылдары ерекше үстемдік сипатқа ие болса, оның көрінісі рухани мәдениеттегі басшылықтан айқын байқалды. Әсіресе, әдебиет пен өнердегі идеялық-саяси деңгейдің идеологиялық негізін күшейтуге айрықша көңіл бөлініп, мәдениеттегі табиғи үрдістің дамуына мемлекеттік және партия ұйымдарының қисынсыз араласуы сияқты оғаш істерге орын берілді. Әдебиет, музыка және бейнелеу өнерін қамтыған осы әрекеттер, соғысқа дейін басталған «жасандылықпен күрес» идеясының негізінде жүргізілді.

БКП (б) Орталық Комитеті 1946 жылғы 14 тамызында «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы, сол жылғы 26 тамызда «Драма

театрларының репертуарлары және оны жақсарту шаралары жөнінде», ал 4-ші қыркүйекте «Үлкен өмір» кинофильмі туралы қаулылар қабылдады. Осы мәселеге байланысты КОКП Орталық Комитетінің секретары А. А. Ждановтың Ленинград партия активінің жиналысында сөйлеген сөзі ұлт жанды интеллигенцияны қуғындауға жол ашып берді. Осылайша, жоғарыдағы қабылданған саяси құжаттар мен А. А. Ждановтың сөзінен кейін, көп кешікпей КСРО-ның мәдени және ғылыми өмірінде тексіз «космополиттермен» саяси күрес науқаны басталып кетті. Дәл осы саяси науқан жекелеген республикаларда, олардың қатарында «буржуазияшыл ұлтшылдармен» күресуге ұласты. (Қазақстанда Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов, Х. Жұмалиев, Е. Исмаилов, Қ. Мұхаметқанов т.б. сотталды, т.б. бірнеше адам моральдық қуғын-сүргінге ұшырады...) Кеңес халықтарының атын пайдаланып, шындығында тек орыстың тарихы мен мәдениетін, ғылымын таза орысшылдық пиғыл тұрғысынан мадақтап, көп ұлтты кеңес халқының санасына сол пиғылды орнықтыруды мақсат еткен бұл аталмыш қаулылардың саяси астары өте жымсықы мұрат-мақсатты көздеген болатын. Бұл қаулының астарында жатқан саяси – идеологиялық негізгі мақсаттың бірі-одақтағы түркі тілді халықтардың мұсылмандық шығыспен мың жылдан астам қоян-қолтық араласудан туған рухани байланысты үздірді, ақырында олармен ертеден қалыптасқан халықты ұлттық тарихи білімдік ой-санасынан айырып, тіпті одан мүлде адастыруды көздеді. Міне, осы саяси – идеологиялық мақсат тұрғысынан келіп қоғамдық ғылымдар саласында бұл мәселе туралы зәредей пікір айтуына, зерттеп танып білуге қатаң тиым салынып, тілге кісен, ой, пікірге тұсау салынды. Сол бір күрделі кезеңнің мәдениет мәселесіндегі партия саясатын саралаған тарихшы Т. Омарбеков, ХХ-ғасырдың 1940-1950-жж. партиялық құжаттар топтамасын ойшыл адамдарды ауыздықтау үшін, үлкен екі мақсат бойынша әдейі жүргізілген іс-шара деп пайымдайды. Оның алғашқысы – идеологиялық ықпалға оңай берілетін интеллигенция өкілдерін пайдаланып, бұқара халықтың тарихи-білімдік ой-санасын «өңдеу», екіншісі, басқаша ойлайтындарға қарсы ашықтан-ашық жазалау және қуғын-сүргін науқанын ұйымдастыру [1, 313-314-бб.].

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қазақ кеңес әдебиетін және республикадағы театр өнерін дамытуға байланысты шараларын марапаттаған кезде сталинизмнің ауыр соққылары болып табылатын ВКП (б) Орталық Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы (1946 ж.), сондай-ақ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» (1947 ж.) дүмше қаулыларының республиканың белді әдебиеттанушы ғалымдарын, талантты, әдебиет пен өнер қайраткерлерін аяусыз да қатыгездікпен қуғындауға бастау болғаны тарихта өзінің қаратаңбасын қалдырды. Әсіресе, соңғы қаулының шешімдерінде

көркем шығармалардың тарихи білімдік мәні Қазақстанның өткен өмірін дәріптеушілік ретінде сыналып, көркем шығарманың негізгі желісі социалистік өмір салтынан ауытқымау керектігі айтылды [2].

Космополитизм мен қазақ ұлтшылдығын айыптаудың нақты көрінісі – Орталық Комитеттің сол жылдардағы бірінші хатшысы Ж. Шаяхметовтың Алматы қаласында өткен идеология қызметкерлерімен болған жиналыста және оның Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IV съезінде (1948 жылғы ақпан) осы рухта сөйлеген сөздерінің ғасырлар бойы қазақ халқының мақтанышы болып келген Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиетіміздің дарынды өкілдерін – Базарды, Мұратты, Шортанбайды, Шәңгерейді, Омар Қарашевті, С. Торайғыровты буржуазияшыл ұлтшылдар, феодалдық-реакциялық бағытта шығарма жазушылар деп бағалауға жол салғанын, ал кеңестік Қазақстанның көрнекті ғалымдары Б. Кенжебаевты, Т. Нұртазинді, Ә. Қоңыратбаевты, Е. Ысмайыловты республика Жазушылар одағының партия жиналысының ұлтшылдар деп жазалауына саяси негіз қалап бергені де тарихтан белгілі.

Қазақ эпосының «Шора батыр», «Ер Сайын», «Қарасай – Қази», «Орақ – Мамай», «Қазтуған батыр» тәрізді таңдаулы үлгілерін Алтынорда хандары мен ноғайлы батырларын ғана дәріптейтін шығармалар қатарына жатқызғанымыз да үлкен қателік еді.

Кезінде ВКП (б) Орталық Комитетінің Татар облыстық партия комитетінің жұмысы туралы қаулысында «Едіге батыр» жыры қаталдыққа, зорлық-зомбылыққа және соғысқа шақыратын шығарма деп танылған соң, одан да бойды аулақ салдық.

Осыған орай Қ. Сәтбаевтың жоғарыдағы «Едіге батыр» жырына өзі алғы-сөз жазып, оны жариялағаны үшін «ұлтшыл» атанғанын, ал М. Әуезовтың 1945 жылы жарық көрген «Абай өмірінің және творчествосының биографиялық очеркі» еңбегінің Абайды «реакцияшыл ақындар Шортанбайдың, Жүсіпбектің, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ортасында суреттейтін зиянды шығармаға» жатқызғанын, сонымен қатар М. Әуезов сонау 30-шы жылдардың алғашқы жартысында «Абайдың поэтикалық мектебі» деп аталатын «кәте» концепцияны ұсынғаны үшін қуғындалғанын, мұның ақыры қазақ халқының таңдаулы ұлдарын республикадан кетірумен аяқталғаны қазір ешкімге жасырын емес. Сол сияқты қазіргі ұрпақ қастерлейтін белгілі ғалымдар Қ. Жұмалиевтің, Ә. Марғұланның, М. Ғабдуллиннің «Қобланды батыр» жырына берген объективті бағалары үшін жазықсыз айыпталғаны да белгілі.

БКП (б) Орталық Комитетінің 1948 жылы қабылданған «В. Мураделидің «Ұлы достық» операсы туралы» кәте де сорақы қаулысынан кейін, Қазақстан Компартиясының V съезінде жасаған баяндамасында Ж. Шаяхметов «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» операларынан, «Қобыланды», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» пьесаларынан идеялық кемшілік іздеді [3].

Тарихи білімдегі ой-сананы дамытуда ХХ ғасырдағы 50 жылдардың аяғы мен 60 жылдардың бас кезінде карама-қайшы тенденциялар орын алды. Бұл, ең алдымен халық ағарту ісі мен мәдениетті дамытудан байқалды. Бұған сол кездегі КСРО басшысы Н. С. Хрущевтің өзі тікелей ықпал етті. Оның инициативасымен КСРО Жоғары Кеңесі 1958 жылы 24 желтоқсанда «Мектептің өмірімен байланысын нығайту және КСРО-да халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» Заң қабылданды [4].

Бұл заң бойынша мектептің оқу мерзімі 11 жылға дейін ұзартылды, ал 9 – сыныптан бастап, оқушылар аптасына екі күн, өндірістік мамандықтарды меңгеруге тиіс болды. Алайда, бұл шараны іске асыру үшін материалдық база да, қажетті оқытушы кадрлар да жеткіліксіз еді. Мамандықтардың өздері де ғылым мен техниканың перспективалы салаларымен байланысты болмағандықтан, ескі техникалық жағынан артта қалған өндіріске негізделді. Мектептерде оқу сапасының төмендеуіне әсер еткен тағы бір себеп – оқуды еңбекпен ұштастыру болатын. Н. С. Хрущевтің заманында туған осы жаңалық, еңбек ете жүріп оқыса, адамның бойындағы тарихи білімдік ой-сана жұғымды болады деген түсінік қалыптастырған еді. Біздің ойымызша бұл түсінік, орта мектептердің жоғары сыныптарында оқитын ересек балаларды еңбек процесіне араластыру сияқты оқу – білімге пайдасыз практиканы ақтау үшін ойдан шығарылған тарихи білімдік ой-сананың көрінісі болатын.

Аталмыш Заңның 1-бөліміндегі Орта мектеп туралы 1-бабынан мынандай сөз жолдарын оқимыз: «...мақсат-жастарды социалистік қоғамның принциптерін мейлінше құрметтеу рухында тәрбиелеу болып табылады.

Орта мектептегі оқу мен тәрбиенің басты негізі оқуды еңбекпен, коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз байланыстыру болуға тиіс».

7-статьяда: «Әрбір одақтас республикада мектепте білім берудің жаңа жүйесіне көшудің жоспары сол республиканың экономикасы мен мәдениетінің даму ерекшеліктеріне сәйкес жасалуға тиіс».

11-статьяда: «Одақтас республикалардың Министрлер Советтері жалпы білім беретін мектептің жаңа міндеттеріне сәйкес мұғалім кадрларын қайта даярлап, мектептерді қажетті білімі бар мұғалімдермен толықтыру жөнінде сондай-ақ мұғалімдердің еңбек, тұрмыс жағдайларын одан сайын жақсартып, олардың идеялық-теориялық дәрежесін көтеру жөнінде шаралар істейтін болсын». Бұл – коммунизмді насихаттауға байланысты істелетін шаралар ғана болатын.

Жоғарғы мектеп туралы IV бөлімінің 27-статьясында «Жоғарғы мектептің басты міндеттерінің бірі еңбекшілер арасында ғылым және саяси білімдер тарату болып табылады» – делінген.

32-статьяда экономистер, философтар, юристер зиялылық ғылым жөніндегі мамандарға жатқызылған.

36-статьяда «Студенттерге идеялық-саяси тәрбие беруді күшейтіп, маркстік-лениндік теорияны оқытуды жақсарту, жастарды коммунистік моральдың абзал принциптері, еңбекті сүю, буржуазиялық идеологияға ымырасыз болу рухында тәрбиелеу қажет деп саналсын», [5] – делінген. Бірақ бұл іспен тарихшы мамандар айналысуы керек болса, өкінішке орай, халыққа білім беру жүйесін өркендетуге арналған осы үлкен құжатта шынайы тарихи білімнің ой-саналық рөлі көрсетілмей қалған. Біз оның себебін мына төмендегідей пайымдаулармен көрсетеміз: 1-ден, егер, 36-шы статьядағы міндеттемелер СОКП тарихының үлесіне кірсе, СОКП-ның тарихында мектептің өмірмен байланысын нығайту тәжірибесінің тарихта болмағанымен лажсыз санасу; 2-ден, егер жоғарыда аталған міндеттемелер КСРО тарихының үлесіне кірсе, ол кездегі КСРО тарихында негізінен, бір-ақ елдің – тек Ресейдің тарихы ғана баяндалатындықтан онда да, СОКП тарихының тәжірибесі сияқты мектептің басқа республикалардың тарихымен байланыстыратын үлгісінің болмағандығынан, аталмыш Заңда нақты тарихи білімдегі ой-сананың рөлі ескерусіз қала берген. Біздің ойымызша, оның солай болуы дәл сол кезең үшін заңды құбылыс болатын. Өйткені, мектептің өмірмен байланысын шынайы тарих қана көрсетіп бере алатын еді. Сондықтан, 1958 жылғы КСРО басшылығы өз кезегінде тағы да саясатқа жүгініп, тарихи шындықтарды ашатын тарих ғылымының рөлін халықтан жасыруға тырысты.

Осыған орай, бұл кезеңдегі жоғарғы педагогикалық мектептердің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі Заңдағы негізгі идеяларды оқу жоспарлары мен бағдарламаларға, оқу құралдарына енгізу, бүкіл жоғары мектептегі оқу – тәрбие, ғылыми жұмысты ұйымдастыру ісін осы мақсатқа бағындыру болып табылды. Бірақ жоғары мектеп өмірінде де бұл заңның идеяларын іске асыруда формализм мен елеулі кемшіліктер орын алды.

Мысалы, Қазақстан жоғары педагогикалық мектебі өз дамуында жоғарыда айтқан Жоғары Кеңестің Заң жобаларының мазмұнын сол күйі көшіріп алды. Сөйтіп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1959 жылы 28 наурызда «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және республикада халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» Заң қабылдап, өзінің жоғары мектебінің жұмысын қайта құру туралы алдыңғы заңда айтылғандарды практикалық басшылық ретінде қабылдады [6].

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі белгілі Заңның негізінде «Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және Қазақ КСР-інде халыққа білім беру жүйесін одан сайын өркендету туралы» өз тарапынан Заң қабылдағанмен, жоғарыда айтқандай, бұл Заңның КСРО Жоғарғы Кеңес қабылдаған Заңнан бәлендей айырмасы болмады. Негізгі төрт тараудың аттары өзгертілмей сол күйі берілді, әрі сөйлем мазмұндарының 90%-ан астамы сөзбе – сөз берілген. Тек, алғашқы Заңда 42 бап болса, Қазақ КСР

Жоғарғы Кеңесі қабылдаған заңда жаңа 10 бап қосылып, онысы «Негізгі Заңға» тәуелділігін барынша айқындай түседі.

XX ғасырдың 50–60 жылдардағы тарихи білім ой-санасын дамытудағы қарама-қайшылықтың екінші бір көрінісін КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1958 жылдың 22-ші желтоқсанында болған екінші сессиясында «Жалпы орта білім беру жүйесін қайта құру туралы» баяндама жасаған И. А. Кайровтың мынандай мәліметтерінен байқаймыз: «Совет өкіметі тұсында түрлі оқу орындарындағы оқушылар саны Қырғыз ССР-де – 50 есе, Өзбек ССР-де 84 есе, Тәжік ССР-де 98 есе көбейді. Революциядан бұрын Қазақстанның негізгі халқының 2 пайыздайы ғана сауатты еді. Мектеп жасындағы әрбір елу қазақ баласының біреуі ғана оқитын. Қазір Қазақстанда 9915 мектеп бар, оларда 1425280 адам оқып жүр, оның 670 мыңы қыз» [7]. Бұл дерекке сенсек, ежелден ағайындас және көрші тұрып келе жатқан қырғыз ағайындардың сауаты казактармен салыстырғанда 48 пайызға, ал өзбектердің сауаты 14 пайызға жоғары болған да, біз, тек тәжіктермен қатарласатын екі пайыз сауаттылықты ғана қанағат тұтқанбыз. Көріп отырғанымыздай, мұндай дәлелдің, тіпті, қисыны да келмейді. Шындығында, тарихқа жүгінсек, қазақтар арабша хат тану жағынан басқа түркі халықтарынан төмен болған жоқ.

1958 жылдың 22-ші желтоқсанында болған КСРО Жоғарғы Кеңесінің осы екінші сессиясында педагогика ғылымының өмір қойып отырған көптеген түбірлі мәселелерді әлі де шеше алмай келе жатқаны туралы айтылып, РКФСР педагогика ғылым академиясының бұл кемшіліктердің шешімін табуда және халыққа білім беру жүйесін қайта құруда белсенділігімен көрінетіні сөз болды. Осыған қарамастан 1959 жылдың 28 наурызындағы «Мектептің өмірмен байланысы туралы...» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Заңынан қарама-қайшылыққа бағытталған мынандай сөз жолдарын кездестіреміз: «Совет өкіметі жылдарында Қазақстан еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен, ұлы орыс халқының және еліміздің басқа да халықтарының үнемі көмек көрсетуі арқасында тарихи қысқа мерзім ішінде өзінің ғасырлар бойғы мешеулігін жойып, экономикалық және рухани өмірін дамытуға бұрын болмаған көптеген табыстарға жетті» [8].

Бұл сөйлем жолдары барып тұрған шовинистік пиғылдағы ұғымды ғана білдіреді. Өйткені, осы сөйлем жолдарында бүтіндей бір халықтың (қазақтар – Б. Б. Т.) өмірге құлшыныстары ескерілмей, оның еркінен туындаған жетістіктердің бәрі аяқ асты етіліп, ол халықты құлдық психологиядан арылмаған бейшара етіп көрсетеді. Бұл – Қазақстандағы ұлттық тарихи білім ой-санасының өріс алуына тосқауыл қоюдағы кеңестік үлгінің жалғасы ғана болатын.

Тек қана халық шаруашылығы үшін мамандарды даярлаудың қажетін және жоғары және арнаулы орта оқу орындарына басшылықты жақсартуды ескере отырып, КСРО Министрлер Кеңесі 1959 жылы 17 маусында «КСРО

жоғары және арнаулы орта оқу орындарын басқаруды қайта құру туралы» кезекті қаулысын қабылдады. Осы қаулыға сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1959 жылы 3 қазанда «Қазақ КСР жоғары және арнаулы орта білім беру комитетін құру туралы» қаулы қабылдап, өзін, әдеттегідей, басқа Республикалардың алдынан көрсетуге тырысты.

Қазақ КСР жоғары және арнаулы орта білім беру Комитеті құрылғанға дейін республика жоғары және арнаулы орта оқу орындары әртүрлі министрліктер мен ведомстволарға бағынып келгендіктен, коммунизмді дәріптейтін мамандар даярлауда бірыңғай басшылық пен жоспарлау ісі болған жоқ еді.

Осыған орай жоғары және арнаулы орта білім беру комитеті кеңестік-тарихи білімдік ой-сана шеңберінде өз алдына төмендегі міндеттерді қойды:

- маман кадрларға деген республиканың қажеттілігін зерттеу;
- оқу орындарын басқару және ғылыми-педагогикалық кадрларды іріктеу және бекіту;
- жоғары оқу орындарында оқу-әдістемелік, тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқу орындарын материалдық-техникалық жағына қамтамасыз ету, қаржыландыру және құрылысты жүргізу.

1959 жылы қыркүйек айында Қазақ КСР жоғары және арнаулы орта білім беру комитетінің қарамағына республика халық ағарту министрлігінің ғылыми-әдістемелік орталығы мен оның Ғылыми-әдістемелік кабинеті берілді. Жоғарыдағы көрсетілген шаралар жоғары және арнаулы орта білімді маман даярлауды біршама жақсартуда және жоғары оқу орындарында атқарған рөлін ескере отырып, республикада жоғары және арнаулы орта оқу орындары жүйесін одан әрі жақсартуға байланысты, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі өзінің 1960 жылғы 29 тамыздағы қаулысымен Комитетті Қазақ КСР жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігіне айналдыру және бұл министрлік туралы ережені бекітті. Барлық педагогикалық жоғары оқу орындары республиканың жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігінің қарамағына берілді.

Біз, бұл шаралардың да жоғарының ыңғайына сәйкес, соның ұйғарымымен болғанына күмән келтірмейміз. Өйткені, Қазақстанда 1920 жылдардан бастап педагогикалық оқу орындарын көптеп ашу – үлкен бір ғана мақсатқа бағындырылған болатын. Ол – большевизмнің Одаққа бірігу арқылы социализмнің жеңетіндігіне көз жеткізуге бағытталған тарихи білімдік ой-сананы қалыптастыру. Ал 60-шы жылдарға дейінгі «социализмнің табыстары» ондай ой-сананы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Одақ көлемінде қалыптастырып үлгірген еді. Осыған орай, дүйім көпшілік социализмнің коммунизмге қарай бет алысына да сенді. Бұл жердегі мәселенің кілтін дәл осы халықтың сенімінен іздейміз. Яғни, жалпы халық, социализмді утопиялық түсінікте, әйтеуір бір жақсылыққа апаратын жол

тұрғысынан қабылдады. Біздің осы ойымызды бұрынғы КСРО құрамынан шығып, тәуелсіздік алған мемлекеттердің тарихшылары да растайды. Мәселен, т.ғ.д., профессор, Қырғыз Республикасы Ғылым академиясы Тарих институтының директоры болған Жеңіш Жүнүшалиев өз пікірін былай білдіреді: «Халық социализмнің, тап күресінің не екенін білмеді. Қазірдің өзінде еліміз кеңестік идеологиядан, құлдық психологиядан арыла алмай отыр. Жуық маңда арыла қоймасы тағы анық» [9]. Демек, кеңес өкіметі кезіндегі қарапайым халық өз бойларында педагогикалық кадрларының күшімен ендірілген социалистік тарихи білімдік ой-сананы қалыптастырғанын байқамай да қалды. Міне, осындай жағдайда, бір қарағанда, социализмді халыққа сендіруге қамқор болған педагогикалық оқу орындары өз миссиясын орындап, жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігімен бірігіп жатса, оған тандануға болмайды. Бірақ, шын мәнінде педагогикалық оқу орындары дәл осы мерзімде таратылмай, қайта керісінше өзінің «коммунизмді орнату» жөніндегі жаңа тәрбиелік миссиясын бастау керек еді. Шатасқан кеңес басшылығы осы жылдары қарама-қарсылықты шешімдер қабылдаумен, бір мезгілде, жалпы халықтық тарихи ой-сананың қалыптасуына жағдай жасағанын байқамай қалды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Омарбеков Т. XIX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. – 404 б.
2. Большевик Қазақстана. – 1947. – №1. – С. 48-52.
3. Таласов О. Зиялы қауым неге құғындалды // Қазақстан коммунисті. – 1991. – №3. – 41–43 бб.
4. Жаңа заң-жоғары мектептің бағдарламасы // Вестник высшей школы. – 1959. – №1. – 15 б.
5. Заң. Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және СССР-де халыққа білім беру жүйесін бұдан былай да өркендету туралы // Социалистік Қазақстан. – 1958. – 26 желтоқсан.
6. «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және республикада халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» Заң // Социалистік Қазақстан. – 1959. – 24 март.
7. Кайров И. А. Жалпы орта білім беру жүйесін қайта құру туралы // Социалистік Қазақстан. – 1958. – 25 желтоқсан.
8. «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және республикада халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» Заң // Социалистік Қазақстан. – 1959. – 24 март.
9. Әбділдабек Салықбай. Тарихты зерттеудің жаңа методологиясы жасала ма? // Қазақ тарихы. – 2005. – №6. – 17 б.